

Амантай Б.Ж.

Философия және мәдениет теориясы кафедрасының магистранты
Қарағанды Е.А. Бөкетов атындағы университет, Қазақстан

E-mail: batyrulan01@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: профессор ассистенті Жусупова Б.Ж.

ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ҰҒЫМЫ

Осы заманға дейін қазақ қоғамында аттары барша қазақ еліне әйгілі болып қана қоймай әлемге танылған қаншама батырлар болғаны анық. Өкінішке орай сол батырлардың есте қалған қызметтері мен өмірбаянын ғана таныстыру мен шектелуде, әрине бұл тұлғалар үшін жайғана көзбен көріп құлақпен естіген ақпараттарды баяндапқана қою аздық етеді. Жайғана фактілерді түсіндіру мен тоқталмай, дүниеге келгенінен бастап олардың қызметтерін және барлық себеп салдарды анықтап жұмбақ болған дүниелерді ашу қажет. Бүгінгі менің мақаламда Иманжүсіп Құтпанұлының кім екендігі және оның батырлық болмысы жайлы оны мен қоймай батырлыққа, адалдық және патриотизм сияқты ерекше қасиеттерге үндейтін және соған жетелейтін шығармалары жайлы сөз қозғалады.

Қазақ мәдениетіндегі батырлық дәстүрмен, тарихпен және Ұлттық бірегейлікпен тығыз байланысты. Қазақ әдебиеті қазақ батырлары жайлы олардың батырлық болмысы жайлы және батылдық, адалдық, ерлік және патриотизм сияқты ерекше қасиеттерді көрсететін халықтық эпостар мен аңыздарға бай. **Қазақ мәдениетіндегі батырлық бірнеше аспектілері:** бостандық пен тәуелсіздік үшін күрес: көптеген қазақ аңыздары өз халқының бостандығы үшін сыртқы жаудан, басқыншылықпен күрескен батырларды сипаттайды. Бұл батырлар туған жердің батыл қорғаушылары ретінде көрінеді.

Көшпелі өмір салтының дәстүрінде: қазақ аңыздарының көптеген кейіпкерлері даланың қиын жағдайларына күш, төзімділік пен бейімделуді көрсете отырып, көшпелі өмір салтында ерлік көрсеткені мен байланысты.

Патриотизм және халыққа деген адалдық: Батырлар көбінесе патриотизм мен өз халқына деген адалдықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Олардың әрекеттері ұжымның мүдделерін қорғауға бағытталған.

Даналық пен әділеттілік: кейбір кейіпкерлер өздерінің даналығымен және әділ шешім қабылдау қабілетімен ерекшеленеді. Олар тек әскери көшбасшылар ғана емес, сонымен қатар күрделі мәселелерді шешетін данышпандар, кеңесшілер ретінде қызмет етеді.

Махаббат және отбасылық құндылықтар: көптеген аңыздарда махаббат пен отбасылық құндылықтардың элементтері де бар, олар кейіпкердің өміріндегі тығыз қарым-қатынас пен қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ мәдениетіндегі Геро халық балладалары, эпикалық поэмалар мен ауызша дәстүрлер арқылы беріледі. Бұл әңгімелер мақтаныш пен шабыт көзі ғана емес, сонымен қатар мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды сақтауға ықпал етеді.

Табиғатпен және қоршаған ортамен байланыс: қазақ аңыздарының көптеген кейіпкерлері табиғатпен тығыз байланысты. Олардың шытырман оқиғалары мен және қоршаған табиғатпен үйлесімділікті ашады, бұл көшпелі өмір салтында табиғатқа ұқыпты қараудың маңыздылығын көрсетеді.

Символизм және аллегориялар: кейбір аңыздар батырлық кейіпкерлерді халықтың даналығы мен өмірге, өлімге және мәңгілік құндылықтарға деген көзқарасын бейнелейтін рәміздер мен аллегориялар ретінде пайдаланады [1, б 57-58].

Адамгершілік қасиеттер: батырлық ертегілер адалдық, мейірімділік, төзімділік және шынайылық сияқты адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын көрсетеді. Батырлар этикалық және моральдық мәселелерде үлгі болады.

Қазақ мәдениетіндегі батырлық ұғымы бұл аспектілері ұлттық мұраның байлығы мен тереңдігін бейнелейді, оған қазақтың бірегейлігін қалыптастыратын және қолдайтын құндылықтарды салады. Қазақ халқы әрқашанда өз батырларын ұмыт қалдырмайтын тарихына үніле отырып ерлігі мен еңбегін әрқашанда ауыздарынан тастамайтын, есте қалған оқиғалар мен әйгілі есімдерді жадында мәңгі сақтап тарихи батыр тұлғаларды ешқашан естен шығарған емес. Атадан балаға мұрағылып олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен көптеген шығармаларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Тарихи деректе ой қозғап, қазақ жұртының, қазақ елінің әр ғасырда сан алуан түрлі тағдыр кешкені анық. Сол қиындығы қиып түсер қылыштай болған заманда қаншама батырлар өз жандарын елі үшін елінің болашағы үшін қиғаны барша халыққа белгілі. Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар демекші елінің қаншама жүгін өз мойнына арқалап қара батпақта күн кешкені қаншама, осындай батырлығы бір ұлтты аман алып қалған, рухы биік бабаларымызды әрқашан естен шығармай дәріптеу біздің міндетіміз. Батырлардың бірі болған жалғыз батырлық емес сегіз қырлылығымен танылған, қазақ даласына, заманында атақ даңқы кеңінен жайылған ардақты тұлғалардың бірі Иманжүсіп Құтпанұлы еді. Иманжүсіп Құтпанұлы 1863 жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданына қарасты Қаракөл ауылында дүниеге келеді. Бала күнінен аңыз әңгіме, шешендік сөзге құмар, құлағы түрік ән

жырға құмар болып өседі. Келе-келе салсерілер дәстүрін ұстанып, саятшылық құрып құдай берген қуаттын арқасында жауырыны жерге тимеген балуан атанады [2, б.71].

Ақын Мұзафар Әлімбаев өзінің естелігінде: Иманжүсіптің сыртқы тұлғасының өзінде өте ерекше еді бойы биік, нар тұлғалы кісі болатын. Атқа мінген кезде астындағы аты Иманжүсіпті көтере алмай жатып қалатындай болып көрінетін еді. Мұзафар Әлімбаевтың сипатына қарасақ Иманжүсіптің құдай жаратқан болмысының өзі батырлық келбетін сөзсіз білдіріп тұратын, сөзі менен ісі, ісі менен болмысы сай келген Иманжүсіп нағыз батыр тұлға болған.

Академик Әуелбек Қоңыратбаев Иманжүсіп жайлы: сөйлесе сөздің шешені, бастаса елдің көсемі Имекең әруақты сұсты адам еді, туысы қалай төтен болса жаратылысыда сондай бір қасиетті еді төтеме дейтін.

Ақын, композитор Иманжүсіп кезінде атақты Біржансал, Ақансері, үкілі Ыбырай, Балұаншолақ, Мәди әндерін нақышына келтіре шырқаған екен. Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығына көз жіберсек оның зорлық-зомбылықпен әділетсіздікке қарсы шыққан нағыз батыр адам болғанын бағамдаймыз. Иманжүсіптің шығармалары қажымас қайсар жанның өмір жолының жешіресі сияқты, тыңдаушының намысын қайрап күреске бастар ән ұрандай болған еді.

*Мен қалайша жалғанда тұрақтайын?!
Өрт болып лаулап жанған құрақтайын.
Аузы түкті кәпірдің талайларын,
Бақыртып бауыздаушы ем ылақтайын.*

Иманжүсіп Құтпанұлы сияқты тұлғалар қай кезде болмасын қазақ халқының ең ұлы тұлғалары ретінде қадырленуі тиіс. Иманжүсіптің шығармаларын оқып, әндерін айтпайтын қазақ жоқ бірақ соның арғы жағында осыны шығарған кім? ол тарихта қандай міндет атқарған? деген сұрақ қойып жауабын іздеп жатпаймыз. Әділеттіктің жоқшысындай болған батыр туралы ел аузында аңызға айналған әңгімелер көп. Кезінде Иманжүсіпті патша үкіметі кейін кеңес үкіметінің қудалауының басты себебі оның халқының мұн мұқтажын жоқтаушысы, қорғандығында болса керек. Батырдың бар санаулы ғұмыры қуғын сүргінде түрмеде өтеді. 1931 жылы Тараз қаласының түрмесінде тергеуші берген жауабында: мен алпыс алты жастамын төңкеріске дейін егіншілікпен айналыстым, шала сауаттымын нан табу үшін балам Дәулетхан екеміз сексеуіл тасып ат айдаушы болып жұмыс істейміз Созақ бөлімінің басшылары Ауылбек Қожантаев, Орынбай Ауылбек басқарған банды шайқасына қатысымыз жоқ мен ол кісілерді білмеймін деп тергеу

қағазының астында арапша Иманжүсіп Құтпанұлы деп қол қойыпты.Отаршылықтың төрінде тұрғанның өзінде тәуелсіз өмір сүрген адамдар болды бірақта халқының болашағын ойлаған Иманжүсіп Құтпанұлының бойындағы үлкен қайрат пен намысқа толы кеудесі, жалынды жігері, еліне ұлтына деген махаббатқа толы жүрегі тыныш жатқызбады. Халқының жоғын жоқтап мұнын мұндаған Иманжүсіпке жалған жала жабылып алғаш рет 1897 жылы қамауға алынады. Ертіс бойынан Ақмолаға одан Өскеменге одан Жетісу жеріне айдалады өмірінің соңғы сәттерін Сарыарқада өткізеді [3, б.44].

*Ғазиз басым құтылалмай жаладан,
Жаудың қолы босамай тұр жагадан.*

Деп 1931 жылы жалған жаланың құрбаны болып үштіктің үкімі мен Тараз қаласының түрмесінде атылады. Осылай Кеңес үкіметінің қатыгездікпен өлтірген бір топ адамның мүрдесі қала маңындағы бір ұраға көміліп топырақ астында қалды.Кеңес үкіметінің тиым салғанына қарамастан шығармалары халқы мен бірге жасап бүгінгі жарқын күндерге жетті. Иманжүсіп жайғана екі білегі түрілген, жауырыны жерге тимеген батырғана емес ақылы мен даналығы келіскен ақын, жыршы ол бүтін болмысы мен аса зерделі суреткер, композитор, ұлы әнші-сазгер. Өзінің бітім табиғаты бойынша – нағыз дала көкжалы болған. Шығармалары ұлттық намызты оятатын ұлтын бірлікке шақыратын адамның еліне деген махаббатын оятатын, рухты жандандыратын шығармалардың бірі еді. **Иманжүсіптің шығармалары бойындағы барлық батырлық болмысты сипаттайтын, шығармаларының біріне назар салсақ:**

*Тумаи жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатарлатып сабаушы ем шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем мынау болыс.*

*Асыл тұқым қалдырдым Қызылжардан,
Өңшең жүйрік шал құйрық, қызыл қардан.
Таң мезгілі болғанда тас буынып,
Болысекеңнің аулына ойран салғам.*

Осы шығармасынан түсінетін болсақ әділдік жолында қасқая тұрып қаншама қиындықтар көргенін көруге болады.

Жалпы біз батырлық деп кімді нені айталамыз? Батырлық түсініктің түсінігі қандай? Деген сұрақ мазалайтындығы анық бұл сұрақтың

жауабын Иманжүсіпке қарап тұрып ақ түсінуге болады, дегенменен батырлық деген түсінікке қандай ұғымдар кіретіндігін түсіндіріп өтен жөн болар. «Батыр» сөзінің мағынасы өте көп дегенменен батыр дегенде ең алғаш еске түсетін сипаттар ержүректілік, батылдық, жауынгерлік, қайсарлық, күштілік, төзімділік секілді сипаттар бұл сипаттарды елестетсек көзге бірден батыр тұлға елестейтіні анық. Қай сипатты алып қарасақта аталған сипаттардың барлығы Иманжүсіп Құтпанұлының бойынан табылады. Батырлардың тұлғалық сипаты және ерліктері мен іс-әрекеттері жаугершілік қиын қыстау заманға тән екені белгілі яғни қоғамы езгіге салынған қиындық пен қорлықтан көз ашпаған халықтың мұн мұқтажын жоқтайтын, жетім мен жесірге көмек қолын созатын тұлғалар бұлар батырлар.

Тамыры терең тарихқа үңілетін болсақ, ел тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрес жолында небір ұлт қайраткерлері батырлары құрбан болды. Қиында қилы жылдары ұлттың ұлт болып қалыптасу жолындағы күрестерде елдікпен өрліктің, тірлік пен болашақтың символындай болған асыл ерлер қазақтың тілін, мәдениетін, өнерін сақтап қалуға барынша атсалысты. Сондай тұлғалардың бірі – Иманжүсіп Құтпанұлы. Ел бүтіндігін, халық бірлігін қызғыштай қорыды, ақылы мен жүрегін бір арнаға тоғыстырып, елі үшін қызмет етті. Өткен ғасырдың нәубеті талай жандардың тамырына балташауып, солақай саясаттың қан тамған қылышына іліктірді.

Осыншама қиындықты басынан өткізген Иманжүсіпті нағыз батыр деп бағаламағанның өзі қателік. Қазақтың көне салт-дәстүрінен батырлық ұғымды тәрбие ретінде қарастырған, бала дүниеге келіп көзін ашқаннан батырлық жыр дастандарды оқып сүйегі жетілген сон батырға тән күш қуатты қалыптастыру үшін атқа отырғызып, садақ тарттырып, тұла бойын шынықтырып батырлыққа жол көрсеткен. Сол секілді шымырлығын ғана шынықтырып қоймай рухани толықтырған, батырлыққа сүйейтін, еліне жеріне ұлтына деген махаббатын оятатын және де үлгі ретінде батырлардың өмір баянын оқытқан. Әрине қазақтың топырағынан шыққан батырлардың есебіне жете алмайтынымыз анық, сондада көзбен құлаққа түрілмеген батырларымыз қаншама, шығармаларын жаңғыртып өздері өлседе аттары өлмеген батырларымыздың бізге тастап кеткен мол мұрасын жоғалтпауымыз қажет. Әрине Иманжүсіптің бізге тастап кеткен мұрасы көп, өлім мен өмір, қан мен тердің арасында жүріп, ұлты үшін жанын отқада шоққада салып ұрпағы үшін қаншама маңдай термен жазылған еңбектерін тастап кетті. Шығармалары тек қана оқып әндерін шырқап қана қою емес түсіне білген адамға қаншама дүниелер жатыр.

Иманжүсіптің шығармаларынан оның кім екенін, қай топыраққа кіндік қаны тамып, қай жерде өсіп, өмірдің не қызығын, не қоқайын

көріп, неге сүйініп неге күйінгенін, ән мен махаббатпен шалқыған базарлы шағын айдынында ай жүзген шалқар көлдер мен сұлу өзендерді, шынына ақша бұлт қонақтаған көгілдір тауларды, бір түнде сегіз қыз алып қашқан серілік дәуренін, жау көрсе қайманатын сұстылығын, жауырыны жерге тимеген палуандығын өткір қылыштай кесіп түсіретіндей қайсарлығын, ұлты үшін арпалысқан ұлтына еліне деген махаббатын, жаны жан алқымға келгенше күрескен батырлығын білсе болады.

Иманжүсіп шығармаларындағы батырлық түсінік бұл тікелей патриотизм мен байланысты, яғни отанына деген атамекеніне деген сүйіспеншілігі шынайы болып елдің мүдделерін қорғап, оған адал қызмет етті. Ұлтшылдығы, намысшылдығы Иманжүсіп Құтпанұлын батырлыққа жетеледі, жастайынан ұлтының болашағын бұлыңғыр екенін байқаған Иманжүсіп патшаға деген ыза кегін бозбала шағында ақ байқатады. Қоянды жәрменкесінде Кенесары ханның суретін мазақ қылған екі орыс баласын лақша бақыртып екі жаққа лақтырып жіберген деседі. Иманжүсіп елдің қорғаны болған, осы елдің қорғаны болу оның кінәсі болып шықты. Елін, жерін, қазақтың қызын, қазақтың намысын қорғағаны үшін кінәлі болды. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатында құрбан болған батырларымыздың бірі болды. Жігітке серуенде серуен, сергелуенде серуен демекші Иманжүсіп қайжерде өмір сүрмесін басы бұғауда, қолы кісендеулі болсада кеудесін ешкімге бастырмай өткен ер. Иманжүсіптің бір ерекшелігі қайғы қасіретке қарсы тұра білген, жігерлігін, өр рухтылығын әндерінен байқауға болады. Иманжүсіп асқақ паң иілуге жоқ сынуға бар нағыз батыр [4].

Қарастырылған мәселе бойынша келесідей нәтижелер шығаруға болады. Біріншіден, Иманжүсіп Құтпанұлы жайлы толық тың дерек мәлімделмеседе ол кісінің өмір баяны мен батырлық болмысына көз жетерлік шолу жасалынды. Шынын да Иманжүсіптің ерлік, серілік, батырлық болмыстарын шығармаларында айқын көрсетілген соларға қарай отыра таныстырылды. Қиын заманда өмір сүрген Иманжүсіп тағдыры көптеген шығармаларға себеп болды. Иманжүсіп дегенде – ерліктік, боетандық, батырлық еске түседі. Ол бойына біткен бар бітім болмысымен табиғатынан дарындылығы мен барлық қазақ даласына әйгілі болғаны анық. Жылдар өте келе нартұлға өзінің жаладан ада екені ақталғанын, еліне жеріне жасаған батырлығы баяндалып Иманжүсіпті оқыса дербесі қозып батырлыққа жетелеп еліне халқына деген құштарлығы көбейетіндігі жайлы пайдалы мағлұматтар қарастырылды. Шығармаларындағы батырлық түсінік анықталып сөзі мен ісі сай келге Иманжүсіп Құтпанұлы жайлы деректер қарастырылды. Батырларға деген ізденіс пен құштарлықты арттыратын көкей тесті сөздер қозғалды, сонымен қатар батыр әрекеттерінің маңыздылығы және құндылықтары

жайлы сөздер айтылды, батыр әрекеттерінің болмысын талқылай отыра және батырлық болмыстың не екені түсіндірілді, тарихта аты қалған ұрпағына құндылығы құз дан жоғары еңбектерін тастап кеткен Иманжүсіп Құтпанұлын азда болсын істеген істері мен ерліктерін дәріптей отыра жеткізілді.

Қорыта айтқанда, Аталмыш мақала есімдері ел есінен ұмытыла бастаған қазақ батырларының ел үшін жасаған ерен еңбектері мен батырлықтарын халқымызға қайта қауыштыру болды. Солардың бірі болған Иманжүсіп Құтпанұлы жайлы тың деректер айтылды, шығармашылығындағы батырлық болмысын ашып батырлық ұғымның мән мағынасы түсіндірілді. Әрине, Иманжүсіп өмірі, Иманжүсіп мұрасы, Иманжүсіп дүниетанымы мен көкжиегін зерттеуді терең талдауды қажет етеді. Бүгінгі мақала осының бастамасы деп түсіну қажет. Иманжүсіптей елінің азаттығы үшін жай аямай арпалысып өмір жолында жалақорлық пен опасыздықты көп көрседе әділеттің ақ жолынан таймаған халқымыздың қажымас қайсар батыры туралы бар шындықты бүгінгі жас ұрпақ біліп өсуі тиіс. Осындай өтпелі кезеңде жас ұрпаққа жасындай жарқ етіп жол көрсетер Иманжүсіптей ұлы тұлғалар ауадай қажет. Иманжүсіптің киіздей қуатты дауылды күнді оттай өршеленетін ән жырларының жалыны сөнбейтініне, және батырлық болмысы үлгі болып көрсетілетініне, ұлттық рухтың ұранындай әндерін туған халқының мәңгі шырқай беретініне біз кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дауытбекова М.К., Исаева А.И. Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер: оқу құралы/М.К. Дауытбекова, А.И. Исаева; жауапты ред. А.Б. Қалыш. Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Көшенова Р. Тұлпардың ізімен. Алматы: Қазығұрт, 2012.
3. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбай Қазақтың этнографиялық категориялар, уғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы, 2012. – Т. III.
4. Қазақтың қайсар ұлы Иманжүсіп Құтпанұлы [Электрондық ресурс] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=PxE2GimlApw> (Өтініш берілген күні 30.01.2024).